

Қорытынды

Қытайдағы антиконтрабандалық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер экономикалық дамуды тәртіпке келтіруге және әлеуметтік тұрақтылықты қалпына келтіруге жәрдемдесті. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының қылмыстық жауаптылық мәселелері қосымша талқылауды талап етеді.

Әдебиет:

1. ҚХР қылмыстық кодексі // <http://asia-business.ru/law/law1/criminalcode/criminal/#5>.
2. Ахметшин Х.М., Ахметшин Н.Х., Петухов А. А. Современное уголовное законодательство КНР. М.: ИД «Муравей». 2003. – 432 с.
3. Lyutov V. A. Comparative-law analysis of criminal responsibility for contraband under the criminal legislation of the Russian Federation and the People's Republic of China // ("Международное уголовное право и международная юстиция", 2013, N 3.

ӘОЖ 8 (1751)

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еспенова Т.Т.

*(филология магистрі, Т.Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА, аға оқытушы, Алматы қ.,
Қазақстан, tolkun_espnova@mail.ru)*

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу мәселесі қарастырылған. Жаңа реформаның алдын – алған тарих процесстерге, дамудың үздіксіз үрдісі мен тарихи сабақтастығына сараптама берілген. Автор Тәуелсіздікке қол жеткізген, жаңа мемлекеттің қалыптасуынан кейінгі өзгерістердің негізділігі мен қисындылығын дәлелдеу мақсатын алдына қояды. Филология ғылымының дамуында жаңа бір кезеңнің басталуы латындандыру бойынша жаңа зерттеулерді қажет етеді. Соған байланысты мақалада келтірілген ақпарат өз болашағын қазақ тілін зерттеу мен дамытумен байланыстыратын мамандарға пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: латын графикасы, рухани жаңғыру, тіл, қазақ әліпбиінің тарихы, «жаңа емле», апокриф.

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос перехода казахского алфавита на латинскую графику. Дается исторический анализ процессам предшествовавшим новой реформе, непрерывность развития и историческая преемственность. Автор ставит задачу доказать обоснованность и логичность изменений, последовавшими за обретением Независимости и становления нового государства. Начало новой страницы развития филологической науки нуждается в новых исследованиях по латинизации. В связи с этим информация приведенная в статье может быть полезна для молодых специалистов связывающих свое будущее с исследованием и развитием казахского языка.

Ключевые слова: латинская графика, духовное возрождение, язык, история казахского алфавита, «новая орфография», апокриф.

Annotation

In this article, the question of the transition of the Kazakh alphabet to the Latin schedule is considered. Historical analysis is given to the processes preceding the new reform, continuity of development and historical continuity. The author sets a task to prove the validity and consistency of the changes that followed the gaining of Independence and the formation of a new state. The beginning of a new page in the development of philological science needs new research on romanization. In this regard, the information given in the article can be useful for young professionals linking their future with the study and development of the Kazakh language.

Key words: latin graphics, spiritual revival, language, the history of the Kazakh alphabet, the «new spelling», the apocrypha.

Кіріспе

Қазақ тілі Мәңгілік Елдің – мәңгілік тілі
Нұрсұлтан Назарбаев
Qazaq tili Ma'n'gilik Eldin' – ma'n'gilik tili
Nursultan Nazarbaev

Егемендік алған еліміз мемлекеттік реформаларды бірінен соң бірін қабылдап жаңа өмірге бағыт алды. Басымдыққа ие болған экономикалық реформалар уақыт талабы еді. «Алдымен экономика, содан соң саясат», деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіткен тұста айтқан сөздері жас елімізге қанат беріп, ілгері дамуға жол ашты. Нәтижесінде әлеуметтік реформаларға да жол беріліп, стратегиялық жоспарлар қабылданды. «Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» Стратегиялық жоспарлары еліміздің келбетін, өзгертіп, қанырап жатқан өндіріс орындарын іске қосты, жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың әл-ауқаты көтерілді. Өмірдің барлық салаларын қамтыған бұл реформалар білім беру саласына да жетті. Еліміздің білім беру саласындағы реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгертулер мен жаңалықтар барлық қазақстандық отбасыларды ойландырды. Себебі, білім беру – болашақ капиталы. Әрбір ата – ана осыны жетік түсінеді.

Бәсеке ұғымы нарықтық заманға аяқ басқан еліміздің экономикасына ғана емес, адам капиталы саласына да жетті. Қазіргі заман рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімді, жан – жақты ақпараттандырылған мамандар бәсеклесетін уақыт. Болашақ ұрпаққа сапалы білім беру, бұл ата – ана мен оқу орындары жұмылып тындыратын шаруа. Елбасы бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман деп жастарға бағыт – бағдар беруде. Қабыданған стратегиялық жоспарлардың, Президент Жолдауларының барлығында білімді ұрпақ тәрбиелеу ісі алдыңғы орынға қойылған. Біздің әлеуметтік – экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына, олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Білім саласын реформалау жоғарыда аталып кеткен міндеттерден туындауда.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында сипаттамалы – салыстырмалық әдістерді қолдана отырып, қолға алынған реформалардың нәтижесін анықтауға баса көңіл аударылды. Білім беру жүйесіндегі реформаларды бастамастан бұрын мемлекет олар үшін құқықтық негіз қалады. 1992 жылдың 18 қаңтарында «Білім туралы» заң, 1993 жылдың 10 сәуірінде «Жоғары білім туралы» заң қабылданды. Олар ұлттық білім беру формаларының қолжетімділігін, зайырлы сипатын, үздіксіздігі мен әртүрлілігін базалық принцип ретінде көрсетті. Елдің жаңа білім беру жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш (1 – 4 сыныптар) және орта (7 – 11 сыныптар) мектептер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сияқты бес деңгей бойынша қарастырылды [1; 81]. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың үш тілді оқып-үйренуге байланысты жұмыста, мемлекеттік тіл бірінші орында болып келеді, – деген сөздері қазақстандықтар үшін маңызды жолдау болды. Еліміздің барлық аймақтарында үш тілді меңгергендер саны жыл сайын өсуде. Қазіргі уақытта олардың саны 16 % – ға жетті. Үш тілді меңгеру болашаққа жолдама екендігін жетік түсінген азаматтар саны көбеюде.

«Біз үштілділікке бағыт алдық және бұл – уақыттың таңдауы. Мемлекеттік тілді, ұлт құраушы этностың тілін білуге біз міндеттіміз. Сондықтан да балаларымызға қазақ тілін мектеп партасына отырғаннан бастап оқытамыз. Біз сонымен қатар, ағылшын тілін де білуіміз керек, өйткені бұл – инновация мен технологияның тілі. Орыс тілін ұлтаралық қарым – қатынас тілі ретінде білудің маңызы зор» [1, 436 б.]. Яғни, Елбасымыз болашағы зор ел болудың негізі білімді ұлт тәрбиелеуде екендігіне баса назар аударуда.

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, «Өнер алды қызыл тіл» деп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған. Жоғары білімі бар маман даярлау ісінде үштілділікке көшу реформасына ерекше мән берілуде. Бұл бағытта жұмыстар қарқынды іске асырылып жатыр. Қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену әрбір қазақстандыққа міндеттеліп отыр. Әрине бұл жоспарды орындау үшін тек қана қаражат қана емес, білікті мамандар мен жастардың талпынысы қажет. Инновациялық жүйелерді оқу процесіне жан – жақты енгізу мақсатында мұғалімдерді қайта даярлау мәселесі қолға алынып, үкімет және жергілікті билік тарапынан қолдау көрсетілуде.

26 қазан 2017 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойып, тарихымыздың жаң бір беін ашты. Ендігі сәтте қазақ әліпбиінің өзгеруі және дамуына көз жүгіртіп, тамыры терең тарихымыздаға латын әліпбиінің екінші мәрте енуіне ой елегін салайық.

Соңғы 100 жылда қазақ әліпбиі екі рет ауысып үлгерді. X – XX ғғ. ширегінде Қазақстанның кең даласын мекендеген халықтар арасында араб әліпбиі ресми таралған болатын. Онда 29 әріп пен жіңішке дауыстыларды белгілейтін «хамза» белгісі болды. Әліпбидегі әріптерді жазу парсы стилінде жүргізілді. Сөздер оңнан солға қарай жазылды.

1924 жылы әліпби қазақ фонетикасының ерекшелігіне сәйкес қайта өңделіп, қолданысқа енгізілді. 1929 жылы оны латын әліпбиі – яналифке толықтай ауыстырды. Бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу қызу талқылаулар негізінде 1924–1927 жылдар аралығында 3 жыл уақыт мерзімге созылды. Арабтанушылар мен латынтанушылар арасында қызу дискуссия жүріп жатты. Оның мәні қазақ тілінің ерекшелігін жаңа әліпбидің жеткізе алуы, не жеткізе алмауында еді.

Араб графикасын қазақтың ақыны, әдебиеттанушысы Ахмет Байтұрсынов қолдады. 1912 жылы А.Байтұрсынов араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш өзгерістер жасады. Ол қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен ерекшелігін анықтап, ұлттың өзіне тән дыбыстарын белгілейтін таңбаларды енгізді. Байтұрсынов емлесі қазақ жазуы тарихында «жаңа емле» («төте жазу») деп аталып, халықты сауаттандыруда ірі бетбұрыс жасады. Емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды.



Сурет 1 Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда жарық көрген Қазақ әліппесінің мұқаба беті

Әліпбидің бұл түрін осы уақытқа дейін шекара асып кеткен қандас бауырларымыз, әсіресе Қытай елінде қолданады. Араб графикасының жойылуына қарсы шыққан А. Байтұрсынұлы келесі дәлелдерді келтірді:

1. Латын әріптері қазақ фонетикасы ерекшеліктерін жеткізуге лайық емес. Әліпбидегі 26 әріптен тек 15 өзгертусіз, ал 7 – і әртүрлі нұсқалармен қолданылады. Ал қазақ әліпбиі 1924 жылдан тек қана араб жүйесінің 24 белгісін (19 өзгертусіз, ал 5 – і аздаған өзгертулермен) қолданды.
2. Латын графикасы негізіндегі қазақ әріптерін баспа өнімдерін дайындауға әзірлеу үшін жартысынан көп бөлігін толықтай ауыстыру қажет [3].

Бұл дискуссияда өз пікірлерін латын графикасын қолдаушылар да білдірді. Олардың жетекшісі қазақ тіл маманы Тельжан Шонанов араб жазуының кемшіліктерін келтірді:

1. Диакритиялық таңбалар (жолдың үстіне немесе астына қойылады, онсыз дыбыс басқаша оқылады) әліпбиді үйренуді қиындатты;
2. Әріптердің сөздегі орналасуына байланысты әртүрлі таңбалануы;
3. Әріптердің анық емес жазылуы, оны оқуды қиындатты [3].

Араб жүйесінің тиімсіздігін дәлелдеуде басты ұстаным болған, фонетикалық өзгешіліктерді әлсіз жеткізіп, термешілердің жұмысын қиындатты. Республика басшылары жаңа әліпбидің қолданыстағы жеңілдігін алға тартып, енгізуді жөн көрді. Сонымен, латын графикасының еліміздегі күрделі жолы басталды. Жаңа әліпбиге көшу халыққа біраз қиыншылықтар әкелді. Латын жүйесін ұлттық тілге бірыңғайлау үшін арнайы комитет құрылып, 1928 жылы конференцияда латын графикасындағы қазақ әліпбиі бекітілді. Ол 29 әріптен тұрған еді.

А а	Ә ә	Б б	(В в)	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	(Ё ё)	Ж ж	З з
а	ә	бе	ве	ге	ға	де	йе	йо	же	зе
a	ä	b	v	g	ġ	d	e	ë	ž	z
[a]	[æ]	[b]	[v]	[g]	[g̡]	[d]	[iə]	[jo]	[ʒ]	[z]
И и	Й й	К к	Қ қ	Л л	М м	Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п
ый/йи	қысқа и	ка	қа	эл	эм	эн	эң	о	ө	пе
i	j	k	q/kh	l	m	n	ŋ	o	ö	p
[ej/əj]	[j]	[k]	[q]	[l]	[m]	[n]	[ŋ~N]	[uɔ]	[yɔ]	[p]
Р р	С с	Т т	У у	Ү ү	Ү ү	Ф ф	Х х	Һ һ	(Ц ц)	
эр	эс	те	уу/үү	ү	ү	эф	ха	һа	це	
r	s	t	u	ü	ü	f	x	h	c	
[r]	[s]	[t]	[w/uw/aw/ əw/əw]	[u]	[u]	[f]	[x;q]	[h]	[ts]	
(Ч ч)	Ш ш	(Щ щ)	(Ъ ъ)	Ы ы	І і	(Ь ь)	(Э э)	Ю ю	Я я	
че	ша	ща	Ъ айыру	ы	і	Ь жіңішкелік	э	йу	йа	
č	š	šč	белгі	y	ī	белгі	è	ju	ja	
[tʃ]	[ʃ]	[ʃ]	"	[ə]	[ə]	'	[e]	[ju/jy]	[ja]	

Сурет 2 Латын графикасындағы қазақ әліпбиі 1928 жыл

ҚазАКСР – і Орталық Атқарушы Комитетінің 14 желтоқсан 1928 жылы қабылдаған декреті консерваторлық көзқарастағы (араб графикасын қолдаған) және жаңашыл көзқарастағы (латын графикасын қолдаған) тұлғалардың арасындағы

пікірталасқа нүкте қойды. Дегенмен, тарихқа үніліп қарайтын болсақ, басқа түркітілдес халықтармен салыстырғанда қазақ жерінде латын графикасын енгізу сәл кешірек өтті. Оның бір себебі, әрине Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми негізделген араб графикасы негізіндегі әліпбиінің дайындалып, халық арасында кеңінен қолданылуы. Алайда, жаңа әліпбидің тағдыры ұзаққа бармады. 1930 жылдың өзінде–ақ кеңес үкіметі мемлекеттің жазбасын жалпылама «кириллицаға» көшіру идеясын алға тартты. Кириллицаға көшу 10 жыл уақытқа созылды. Әліпбиді әзірлеу күрделі үрдіске айналды. 1940 жылы кириллицаға негізделген қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, түркітанушы Сарсен Аманжолов өз нұсқасын ұсынды. 41 әрптен тұрған бұл нұсқада: 32 әріп орыс жазбасында кеңінен қолданылса, 9 белгі қазақ тілінің ерекшелігін жеткізді.

Зерттеу нәтижелері

Сонымен қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929 – 1940 жылдары латын графикасын қолданған. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын қолдануда.

77 жыл уақыт өте латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің қайта оралатының әрине ешкім ойламаған. Осы жолы да басқа түркітілдес халықтардың тәжірибесін ескеріп, терең зерттеулер жүргізгеніміз абзал. Мәселен, 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Өзбек латын тілінің ерекшелігі – арнайы символдар мен диакритикалық белгілердің жоқтығы (тек апострофтар бар). Классикалық латын кириллицамен салыстырғанда 7 әріпке кем, сондықтан арнайы белгілер мен символдардың жоқ болу есебінен кейбір әріптерді екі еселеуге тура келеді. Нәтижесінде апострофпен қосқанда 29 әріптен тұратын өзбек латын әліпбиі құрылған. Сол сияқты Әзірбайжанда 1925 жылдарға дейін ресми әліпби рөлін араб тілі атқарды. 1926 – 39 жылдары латын әліпбиін қолданса, 1940 – 2001 жылдары кириллица, одан кейін 2001 жылы қайта латын әліпбиіне көшті.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың көрегендігі мен ерік – жігерінің нәтижесінде, жаңа әліпбиді енгізу 1917 – 2025 жылдар арасында жүреді. 70 жыл бұрын жүрген пікірталас бігінгі күніде билік басындағы азаматтар, интеллегенция, халық арасында да орын алуда. Нәтижесінде оңтайлы әліпби мен оған сәйкестендірілген орфография жасау көзделген. Ғалым – лингвисттердің айтуынша кемшіліксіз әліппе болмайды. Уақыт өте барлық тілдер фонетикалық өзгертулерге, тілдік кодтың оңтайлануына ұшырайды, Одан басқа жалпы қабылданған халықаралық стандартқа сай терминдердің енуі де қажетті үрдіс.

Латын графикасына көшу ұлтымыздың шынайы Тәуелсіздігінің белгісіне айналады, дамыған елдермен тығыз қарым – қатынас орнатып, жаһандану заманында көш алдында болуға жол ашады. Санамыз рухани жаңғырып, болашаққа үлкен сеніммен қадам басуға септігін тигізеді. Болашақ жастардың әлемге интеграциялануына мүмкіндік ашатын латын графикасына көшу ісі сәтті бастауын алды деп айтуға толық негіз бар.

Елбасы Жарлығымен қабылданған латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиіндегі өзгерістерге көз жүгіртсек. «Ә» әрпін А', «Ө» әрпін О', «Ү» әрпін U', «Ғ» әрпін G', «Ң» әрпін N', «І і» әрпін I i, «Ш» әрпін S', «Ч» әрпін C', «У» әрпін Y' деп, апокрифпен белгілеген 32 әріп бар. Ең үздік деп танылған бұл әліпби халықтың басым көпшілігінің көңілінен шықты.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 26 қазандағы
№ 569 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛПБИІ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[ң], [нг]
2	A' a'	[ә]	18	O o	[o]
3	B b	[б]	19	O' o'	[ө]
4	D d	[д]	20	P p	[п]
5	E e	[e]	21	Q q	[қ]
6	F f	[ф]	22	R r	[р]
7	G g	[г]	23	S s	[с]
8	G' g'	[ғ]	24	S' s'	[ш]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[т]
11	I' i'	[и], [й]	27	U u	[ұ]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[ү]
13	K k	[к]	29	V v	[в]
14	L l	[л]	30	Y y	[ы]
15	M m	[м]	31	Y' y'	[ү]
16	N n	[н]	32	Z z	[з]

Сурет 3 Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі. 26 қазан, 2017 жыл

Қорытынды

Елбасы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет», – делінген. Латын әліпбиіне көшу бұл үрдіске оңтайлы қарқын береді деген үміттеміз. Сондықтан да, ел болашағы үшін барлығымыз жұмыла осы бағытта жұмыс істеуіміз керек.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
2. Қазыбек Иса. Латын әліпбиі – Рухани Тәуелсіздікке жасалған жарқын қадам! Қазақ үні ұлттық порталы. <https://www.qazaquni.kz/2017/11/01/76660.html>.
3. Елбасы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar.